

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің сегіз бағыты бойынша арнайы жоспар жасалып, жыл сайын осы жоспарға сай шаралар жүргізіліп келеді. 2021-2022 оқу жылында тәрбие бағытында іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп келеді.

1 қыркүйек білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық» тақырыбында салтанатты жиыны және 1-11 сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтар өтті. Мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке 30 жылда қалай жеткендігі жолдарын баяндау. «Тіл-татулық тірегі» тілдер күніне апталық ұйымдастырылды. Қоғамдық ұйымдар ер балалар мен қыз балалар ұйымының, Әкелер-Аналар мектебінің жоспарлары құрылды. Отбасы күніне «Отбасы-бақыт мекені» кеш өз деңгейінде өткізілді. Мектебіміздің инспекторы Е.Әділхановтың қатысуымен «Абайлаңыз, балақай!» шарасы ұйымдастырылды. Білім алушылардың метепшілік үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелермен қамтылуы қадағаланды. Барлық сынып жетекшілердің тәрбие бағыты бойынша құрылған тәрбие жоспарлары тексеріліп, пысықталып бекітілді.

1-қазан Қарттар күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты сынып сағаттары өткізілді. Мектеп ұстаздары, оқушылары арасында «Жылы жүрек, жомарт қол» атты - қайырымдылық айлығы ұйымдастырылды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық 16 күндік шарасы өткізілді. 2021 жылдың 6-желтоқсан күні «Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың, суицидтің, ерте жүктіліктің алды алу» тақырыбында, ата-аналардың, аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары М.Ахметтің, мектеп инспекторы Р.Ерғалиевтің, аудандық білім бөлімі әдіскері Ж.Өсербаеваның қатысуымен кездесу өткізілді.

1-желтоқсан тұңғыш президент күніне орай «Жасұлан» ұйымында «Біздің тұңғыш Елбасы» атты салтанатты жиын өтті, 1-11 сынып арасында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған Ақтөбе облысы әкімінің кубогына арналған пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде мектебімізден құрылған «Болашақ бізде» фракциясы ІІІ орынға ие болды, жетекшісі С.Бисенғали, құрамы: 9 сынып оқушысы А.Тұрғанбаева және 10 сынып оқушысы Л.Темірбекқызы. 21 қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай Б. Бектұрғанова «Адам құқығын қорғау, бала құқығын қорғаудан басталады» дөңгелек үстел өткізді.

2022 жылдың Балалар жылы болып белгіленуіне байланысты, мектебімізде облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімімен атқарылатын жұмыстар жоспарлануда.

2021-2022 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. «Жас Ұлан» ұйымы оқушылары көптеген аудандық, облыстық байқауларда топ жарып келеді.